

**БЖБ №1 Қазақ әдебиеті (11-сынып) 1-ТОҚСАН, «Кеңістік пен уақыт» бөлімі бойынша
жиынтық бағалау**

Білім алушы: _____

Оқылатын шығарма: Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесі.

Оқу мақсаты: 11.1.3.1. көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.3.2.1. Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау;

Бағалау критерийі:

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Орындау уақыты: 15-20 минут

1-тапсырма: «Мен ара емеспін,- деп ойлайтын ол. –Мен жұмыс арасымын. Өмір бақи ұйқы дегенді білмейтін, сеспей қатқанынша шырын жинап, ызыңдап өтер байғұс аралар сол толассыз еңбегін өзгелер жеп жатқанын қайдан сезінсін?! Ал адамның айырмашылығы еңбек-егіннің жемісін теріп жеуінде, ертеңгі мұрат-мақсаттарға талпынуда емес?»- деген үзіндіге өздеріңнің ой-толғаныстарыңды жазыңдар.

[illegible]

2-тапырма: Айна, Айна мен Нүрке кемпірдің арасындағы келін мен ене қарым-қатынасы біздің уақытта бар ма? Айна мен қазіргі заман келіндері және оның енемен қарым-қатынасы туралы талдау жазыңыз.

Аты-жөні:

«Кеңістік пен уақыт» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары 1-нұсқа

Оқылатын шығарма Жарасқан Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасы

Оқу мақсаты 11.2.3.1 - шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.3.1 - шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысына талдау жасайды;
- көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, эссе жазады.

Ойлау дағдысының Қолдану деңгейлері

Орындау уақыты 15-20 минут

Поэмадан үзінді	эпитет	метафора	қайталау	Көркемдегіш құралдың қызметі
Еңселі тау, ен жазық құба белің				
Жырым – пірім! Қанатым! Шалқұйрығым! Тайбурылым!...				
Несі дәстүр? Несі салт? Несі ғұрып?!				
Сенсің биік тұғырым!... Сенсің менің абыройым, мақтаным!...				

1-тапсырма. Жарасқан Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасының идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын айқындап, «Бес жолды өлең» әдісі арқылы ойыңызды жазыңыз.

Поэманың идеясы:	
Поэма жазудағы мақсаты:	
Поэмадағы көркемдегіш құралдар	
Идея пен көркемдегіш құралдың байланысы қалай көрініс тапқан?	
Түйінді сөз	

2-тапсырма. Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасындағы көркемдегіш құралдарды анықтап, қызметіне талдау жасаңыз.

4-тапсырма. Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасын көркемдік-эстетикалық құндылықтар тұрғысынан маңызын талдап, көлемі 90-100 сөзден тұратын эссе жазыңыз.

[illegible]

Бағалау критерийі	Тап сырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысына талдау жасайды.	1	Поэманың идеясын анықтайды;	1
		Поэма жазудағы мақсатын анықтайды;	1
		Көркемдегіш құралдарды анықтайды;	1
		Идея пен көркемдегіш құралдың байланысын айқындайды;	1
		Тұжырым жасайды.	1
	2	Көркемдегіш құралдарды ажыратады;	1
		Көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайды.	1
Көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, эссе жазады.	3	Көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан маңызын талдайды;	1
		Шығармадан аргумент келтіреді;	1
		Эссеге қойылатын талаптарды сақтайды.	1
Барлығы			10

Аты-жөні:

**ТЖБ «Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
1-нұсқа 1-БӨЛІМ**

1. О.Бөкейдің «Атау-кере» повесіндегі «Қарабура» кімнің лақап аты екенін анықтаңыз.

- А) Айна
В) Ерік
С) Қандауыр
Д) Таған

[1]

2. «Күннің шуағы сұрлау тартқан жүзін жуды ма, ажары ашыла түскендей, шүңірек тартқан көк көзі де табиғаттың нұрын сіміріп, шоқ түскен тамыздықтай ұшқындана бастаған...» , - деп О.Бөкей қай кейіпкердің портретін суреттегенін табыңыз.

- А) Айна
В) Анна Филимоновна
С) Баян
Д) Нүрке

[1]

3. «Қауіпті гибрид», «Жауыз ара», «Будан ара» туралы: «Жатжұрттық ешқашан да жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын берсе, ертең уын ұсынады, түбі тыныш болғай» , - ауыр күрсінген кейіпкерді анықтаңыз.

- А) Ерік
В) Нүрке
С) Таған

Д) Шал

[1]

4. Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасындағы ақын арманын анықтаңыз.

А) адал перзенттерін жырлау

В) Абай, Шоқан, Махамбет, Мұхтарларды жырға қосу

С) барлық азаматтың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігінің адал махаббатының куәсі болу

Д) тауларын, өзен-көлдерін, жазық-белдерін мақтан ету

[1]

5. Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасын сәйкестендіріңіз.

1. Мүмкін емес – менің тексіз болуым,	А) Махамбетті туған болсаң сен егер!
2. Мүмкін емес – менің отсыз болуым,	В) ұлы Абайды туған болсаң сен анық!
3. Мүмкін емес – менің тайыз болуым,	С) биік Шоқан мына сенен шыққанда!...
4. Мүмкін емес – менің төмен болуым,	Д) терең Мұхтар мына сенен туғанда!

А) 1. А., 2. В., 3. С., 4. Д.

В) 1. В., 2. Д., 3. А., 4. С.

С) 1. С., 2. В., 3. Д., 4. С.

Д) 1. В., 2. А., 3. Д., 4. С.

[1]

2-бөлім

6. Айнаның: «...Ол ұлттың аты – аяулы Ана. Әттең, сіздей адам жалғыз-ақ па деп қорқамын...» деуінің себебін 5-6 сөйлеммен талдап жазыңыз.

[3]

7. О.Бөкейдің «Атау-керек» повесінде Шалдың «Рас, рас, қазіргі ұрпақ батасыз, батасыз болған соң, бәтуасыз лағып бара ма, қалай» деп ойлануының себебін талдап жазыңыз.

[3]

8. О.Бөкейдің «Атау-кере» повесінде Еріктің шетелдік араны асырап алудағы мақсатын дәлелдеп жазыңыз.

[3]

9. Ж.Әбдірашевтің «Дала,сенің ұлыңмын!» поэмасында: «Даналық бар, даралық бар затында болатын тек батырларда, ақында!» деп дәріптеуінің себебін 5-6 сөйлеммен дәлелді түрде жазыңыз.

[3]

10. Ж.Әбдірашевтің «Дала,сенің ұлыңмын!» поэмасында Біржан, Азынабай,Поштабай,Жанботаны жырға қосуын талдап жазыңыз.

[3]

3-бөлім

11. Берілген тақырыптардың бірін таңдап, әдеби эссе жазыңыз. Шығармалардың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдаңыз.

[10]

- 1.О.Бөкейдің «Атау-кере» повесінде көтерілген мәселелер бүгінгі күн тұрғысынан маңызды ма? Өз ойыңызды талдап жазыңыз.

2. «О.Бөкейдің «Атау-кере» повесіндегі филососфиялық ойлар» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз.

3. Ж.Әбдірашевтің «Дала,сенің ұлыңмын!» поэмасындағы алыптар тобының бейнесі» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз.

ЭССЕ тақырыбы: _____

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1/5	5 сұрақ	5	5
6	Өз ойын талдап жазады	3	15
7	Себебін талдап жазады.	3	
8	Мақсатын дәлелдеп жазады.	3	
9	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	3	
10	Поэмадағы кейіпкер бейнелерін талдап жазады.	3	
11	Тақырыпты ашады.	1	10
	өз ойын,көзқарасын білдіреді.	1	
	шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдайды;	2	
	пікіріне дәлел келтіреді;	1	
	өз ұсынысын, қорытынды шешімін жаза алады;	2	

	стильге сай жазады;	2	
	эссе құрылымын сақтайды.	1	
	Барлығы	30	

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Д	1	5
2	Д	1	
3	В	1	
4	С	1	
5	Д	1	
6	Өз ойын талдап жазады	3	15
7	Себебін талдап жазады.	3	
8	Мақсатын дәлелдеп жазады.	3	
9	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	3	
10	Поэмадағы кейіпкер бейнелерін талдап жазады.	3	
11	Тақырыпты ашады.	1	10
	өз ойын, көзқарасын білдіреді.	1	
	шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдайды;	2	
	пікіріне дәлел келтіреді;	1	
	өз ұсынысын, қорытынды шешімін жаза алады;	2	
	стильге сай жазады;	2	
	эссе құрылымын сақтайды.	1	
	Барлығы	30	

ТЖБ

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары 2-нұсқа 1-БӨЛІМ

1. *«Араның адамнан айырмасы болсайшы. Жиган байлығын да бал секілді...»* - деген пікірдің авторын табыңыз.

- А) Айна
- В) Ерік
- С) Нүрке

Д)Таған
[1]

2. Жазушы О.Бөкей: «Рас, Айнаның жан сарайы азанда жауған қардай таза, тұманың суындай мөлдір, балиғатқа толмаған баладай аңқау да адал...» қолданған көркемдегіш құралды анықтаңыз. А) анафора
В) метафора
С) теңеу
Д)эпитет

[1]

- 3.«Иттің ішіне сары май жақпайды» қай кейіпкерге қатысты айтылғанын табыңыз. А) Ерік
В) Қандауыр
С) Қозы
Д)Таған

[1]

- 4.Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасындағы лирикалық қаһарманды табыңыз. А)Абай
В) ақынның өзі
С) Мұхтар
Д)Шоқан

[1]

5. Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасын сәйкестендіріңіз.

1. Мен – ұлыңмын! Буырқанып бойда ағын,	А) осал бола қоймас деген ойдамын!...
2. Мықты атаның немересі - Балам да	В) талай мәрте бақытыңды тойладым.
3. Туған жала, кең болғанмен аумағың,	С) сен туралы сөздерге тостым құлақ:...
4. Туған дала, Шықсам-ақ бес күн жырақ –	Д) таңданғанмен достарың һәм жауларың...

- А)1.А., 2.В., 3.С., 4.Д
В)1.В., 2.Д.,3.А., 4.С
С)1.В., 2.А., 3.Д., 4.С
Д)1.А.,2.В., 3.Д., 4.С

[1]

2-бөлім 6. Шығарманың «Атау-кере»

аталуының себебін 5-6 сөйлеммен талдап жазыңыз.

[3]

- 7.Тағанның «Капиталистік тұқым сен боларсың...қандай шапшаң ұшады жауыздар » деп ойлауының себебін талдап жазыңыз.

[3]

8. О.Бөкейдің «Атау-кере» повесінде Шалдың: «Алты күн аш отырсаң да, ата жолын ұмытпа» деген қазаққа, ұят болды-ау...», - деуінің себебін дәлелдеп жазыңыз.

[3]

9. Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасында Абай, Махамбет, Мұхтар, Шоқан, Құрманғазы, Әміре, Тоқтаров, Қажымұқан, Бауыржан секілді ұлыларды жырға қосу арқылы нені айтқысы келді? Ойыңызды 5-6 сөйлеммен дәлелді түрде жазыңыз.

[3]

10. Ж.Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасында:
«Жырым-пірім! Қанатым!
Шалқұйрығым!
Тайбурылым!
Жо-жо-жоқ...
Құлагерім» деген ойын талдап жазыңыз.

[3]

- 3-бөлім** 11. Берілген тақырыптардың бірін таңдап, әдеби эссе жазыңыз. Шығармалардың идеясын

ғаламдық тұрғыдан талдаңыз.

[10]

1. О.Бөкейдің «Атау-кере» повесіндегі ұлттық құндылықтар бүгінгі күн тұрғысынан маңызды ма? Өз ойыңызды талдап жазыңыз.
2. О.Бөкейдің «Атау-кере» повесінде Тағанның «Міне, өмір деген сол...Неге біз осы...» деген ойын дәлелдер арқылы талдап жазыңыз.
3. «Туған дала...Сенсің менің абыройым, мақтаным!...» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз.

[illegible]

			Балл қою кестесі
№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	С	1	5
2	С	1	
3	Д	1	
4	В	1	
5	С	1	
6	Өз ойын талдап жазады	3	15
7	Сюжетімен байланыстырып талдап жазады.	3	
8	Себебін дәлелдеп жазады.	3	
9	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	3	
10	Ойын талдап жазады.	3	
11	Тақырыпты ашады;	1	10

	өз ойын, көзқарасын білдіреді;	1	
	шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдайды;	2	
	пікіріне дәлел келтіреді;	1	
	өз ұсынысын, қорытынды шешімін жаза алады;	2	
	стильге сай жазады;	2	
	эссе құрылымын сақтайды.	1	
	Барлығы	30	

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 (оқыту тілі қазақ тілінде емес)
БЖБ №1 Сыныбы: 11-сынып

Бөлім: Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі

Сөйлеу әрекетінің Түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	11.1.3.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу
Бағалау критерийі	Білім алушы: - мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; - көтерілген мәселеге өзіндік баға береді.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындалу уақыты	20 мин

Тапсырмалар

1. Мәтінді оқып, сұраққа жауап беріңіз.

Бірде ауқатты отбасының отағасы кішкентай ұлын ауылға, малшылардың ортасына ала барыпты. Адамдардың тұрмысының қаншалықты кедей екендігін өз көзімен көрсін деген ойы болған. Олар өте кедей тұратын отбасында бір күн және бір түн болыпты. Үйіне оралғасын әке баласына мынадай сұрақ қойыпты:

- Қалай, саған сапарымыз ұнады ма?
- Әке, бұл бір ғажап болды!
- Адамдардың қаншалықты кедей болатынын өз көзіңмен көрдің бе? — деп сұрапты әкесі.
- Иә, көрдім.

— Ал осыған қарап не ұқтың?

Ұлының жауабы:

— Біздің үйде бір итіміз болса, олардың төрт төбеті бар екен. Бақтың ортасында біздің хауызымыз болса, олардың ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін шексіз, шетсіз теңіз айлағы бар екен. Бақшамызда шам жағамыз, ал олар жарықты жұлдыздардан алады. Біздің ауланың сыртында патио бар, ал оларда — керілген көкжиек.

Ұлының жауабын естіген әкенің тілі байланып қалыпты. Ал ұлы сөзін былай жалғапты:

— Әке, көп рахмет, сен маған біздің қаншалықты кедей екендігімізді көрсеттің.

Бәрі де мына жарық дүниеге қандай қырынан қарауыңа байланысты болып отыр ғой. Шынайы сүйіспеншілігі, достары, отбасы, денсаулығы, жақсы көңіл күйі мен өмірге құштарлығы бар адамда бәрі де болады!

Алайда жоғарыда көрсетілгеннің ешқайсысын да ақшаға сатып ала алмайсың. Ойыңа келген материалдық игіліктердің кез келгенін сатып алуға болады, тіпті келешекке қор жасау мүмкіндігі де бар. Бірақ көңілің тоқ болмаса, жан-дүниен қаныраған бос болса, бұның бәрі бекер, құр әурешілік, өзің де қуыс дөңбексің! Сенен не үміт, не қайыр?!

Сұрақтар:

- Кедейшілік дегеніміз не?
- Кедейшілікті неден көруге болады?
- Баланың жауабынан өзіңе не түйдің?

2-тапсырма. Әлеуметтік теңсіздіктің негізгі белгілерін атап, сипаттаңыздар.

Түрлері	Белгілері

3-тапсырма. «Байлық» ұғымына SWOT талдауын жасаңыз.

Байлықтың мүмкіндіктері	Байлықтың қауіптері
Байлықтың жақсы жақтары	Байлықтың әлсіз жақтары

Бағалау дескрипторы

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.	1-2	мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;	1
		сұрақтарына жауап береді;	1
		кестені толтырады;	1

		әлеуметтік теңсіздіктің түрлерін атайды;	1
		белгілерін сипаттайды.	1
Көтерілген мәселеге өзіндік баға береді.	3	сызбаны сауатты толтырады;	1
		байлықтың мүмкіндіктері;	1
		байлықтың жақсы жақтары;	1
		байлықтың қауіптері;	1
		байлықтың әлсіз жақтары.	1
Қорытынды балл			10

БЖБ №2 «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау

Экология: ядролық және мұнай өндірістері

Оқу мақсаты 11.4.2.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау

Бағалау критерийі

- Білім алушы
- Мәтінде көтерілген мәселені табады;
- Көтерілген мәселеге байланысты автордың негізгі ойын анықтайды;
- Мәтінде көтерілген мәселе бойынша 2 сұрақ құрастырады;
- Көтерілген мәселеге қатысты өз пікірін білдіреді.

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма

1. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтінде көтерілген мәселеге байланысты автордың негізгі ойын, мәтін арқылы оқырманға не айтқысы келгенін анықтап, сұрақтар құрастырыңыз, өз пікіріңізбен баға беріңіз.
2. Өз жұбыңды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз.

Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелері

Туған еліміздің экологиялық ахуалы қандай екенін көпшілік біле бермейді. Неге десеңіз, экологиялық ақпараттарды игеру үшін экологиялық білім қажет. Қазақстанның экологиялық жағдайына қосымша талдау жасағанда мынаны байқауға болады: Солтүстік Қазақстан бойынша құнарлы жерлердің 25-30%-ы жарамсызданса, Павлодардағы ірі өндіріс орнының зиянды экологиясы айтпаса да түсінікті. Батыс Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсібінің өнімдерімен ластану 2,5 млн. гектарға, ал жайылымдардың деградацияға ұшырауы 3 млн. гектар жерді қамтып отыр. Семей полигоны жайлы көп айтылады, бірақ халыққа әкелген зардабы жайлы маңызды шешім табылған жоқ. Әсіресе, Азғыр мен Тайсойған полигондары қамтып отырған 1,4 млн. гектар жер радиоактивті ластануда. Семей қаласынан небәрі 120 шақырым жерде орналасқан сынақ полигонда 40 жыл ішінде 485 ядролық жарылыс жасалды. Олардың 88-і ауада, 30-ы жер бетінде, 340-ы жер астындағы сынақтар еді. Қуаты бірнеше килотоннадан 1,5 мегатоннаға дейін болды. Бұл цифрлар ұлттың жанын жегідей жейтін аса ауыр қасіретті көрсетеді. Қазақтар ядролық, қарудан көп зардап шеккен жапондықтардан кейінгі екінші орын алады. Одақтың басшылығымен және әскерилермен болған төзімділікпен жүргізген шиеленісті күрестен кейін, 1991 жылғы 29 тамызда Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жарлығымен полигонды жапты.

Ал Каспий теңізінің 268 млн. гектар жағалауы су астында қалып, олардың мұнай өнімдерімен ластануы одан әрі етек алуда. Күрделі экологиялық шиеленістер Орталық Қазақстанды да қамтуда. Байқоңырдан ұшырылатын тәжірибелік космос кемелерінің сол жердің тұрғындарына әкелетін экологиялық апаты, ондағы техногендік, өндірістік ластану, радиоактивтілік және ракета-космос қалдықтарымен (Бетпақдала) ластану топырақтың құнарсыздануына, жайылымдардың тозуына жоғары деңгейде әсер етуде.

[illegible]

Бағалау критерийі	Тап-сырма	Дескриптор	Балл	Балл
Білім алушы				
Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастырады және сыни тұрғыда бағалайды	1	Мәтінде көтерілген мәселені табады	1	
		Көтерілген мәселеге байланысты автордың негізгі ойын анықтайды	1	
		Мәтінде көтерілген мәселе бойынша 2 сұрақ құрастырады:		
		1-сұрақ	1	
		2-сұрақ	1	
		Көтерілген мәселеге қатысты өз пікірін білдіреді	2	
		Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді.	1	
		Сөзді дұрыс саптайды.	1	
Күтпеген сұрақтарға тез әрі орынды жауап береді			1	
Бардығы			9	

ТЖБ 11-сынып «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Бай кедейге қарап байып жатыр. Ең бастысы, әлеуметтік жікшілдік ұлғайып барады. Осыдан үш жыл бұрын зерттеуші Тома Пикетти ауқымды жұмыс атқарды. Соның қорытындысына қарасақ, қандай жағдай орын алса да, бай байи береді, кедей кедейлене береді. Ал ғылыми түрде айтсақ, жылдар өтсе де, байлық аз ғана топтың иелігіне жиналады екен. Яғни үлкен топтардың байлығы азайып, белгілі бір адамдарға өтеді. Мысалы, 2006 жылдан бері бүкіл әлемде байлықтың 99%-ы белгілі 1% адамның қолында ғана деген мәлімет тараған. Демек байлардың байлығы азайып жатқаны заңдылық.

АҚШ-тың Вашингтон қаласында Петерсен әлемдік экономика институты іргелізерттеулер жүргізіпті. Мұнда байлықтың қай тұстан молынан ағылуына байланысты елдерді дамыған және дамушы елдер деп екіге бөлген. Зерттеу нәтижесі бойынша байлық көзі жаңа өнім шығару және жаңа бизнес-жоба жасау арқылы пайда болған.

БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерреш: – Әлемде адамзатқа төніп тұрған жеті түрліқауіп бар, – дейді. Біріншісі – ядролық қаруды пайдалану қатері, екіншісі – халықаралық терроризм, үшіншісі – қарулық кикілжіңдердің көбеюі, төртіншісі – климаттың өзгеруі, бесіншісі – қоғамды жікшілдікке бөлетін тепе-теңсіздіктің белең алуы. Алтыншы – инновацияның көлеңкелі тұстары. Жетінші – дағдарыстың салдарынан босқындар саны артып, оларды қабылдауға қарсы елдердің көбеюі. Еуропа елдеріне жол тартқан босқындарды жақтырып отырған ешкім жоқ. Алайда кейбір мемлекет жанашырлық танытып жатса, енді бірі елден аластатуға кіріскені белгілі. Сол жеті қауіптің ең қауіптісі – әлеуметтік теңсіздік. Бұл бүгін ғана пайда болған жоқ. Мысалы, кешегі заманда оңтүстік пен солтүстіктің мәселесі дегенді жиі естідік. Солтүстік дегеніміз – дамыған елдер. Оған АҚШ, Канада, Жапония, Ресей, т.б. алпауыт елдер кірді. Ал дамушы елдер оңтүстікте орналасқан. (233 сөз)

1. Т.Пикетти зерттеуі бойынша қандай қорытынды жасады?

- А.байлар кедейлердің көмегімен байиды
- В. ауқатты адамдардың байлығы арта береді
- С. кенже дамыған елдерде босқындар саны жоғары

[1]

2. Босқындардың санының артуына себеп

- А. дағдарыс
- В. климаттың өзгеруі
- С. әлеуметтік теңсіздік

[1]

3. А.Гутеррештің айтуынша, қай қауіп өте қатерлі?

- А.ядролық қару
- В. әлеуметтік теңсіздік
- С. халықаралық лаңкестік

[1]

4-5. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

- А. Байлықтың негізі қалай құрылады?

[1]

Ә. Оңтүстік мәселесі қандай елдерге тән?

[1]

Оқылым

Атом станциялары құрылысы жөнінен ең қымбат нысан болып есептеледі. Атом электр станцияларының қызмет ету мерзімі орташа есеппен қырық жылға тең. Оны салуға жұмсалатын қаржыдан бөлек, шикізат – байытылған уран мен мерзімі өткеннен кейін пайдаланудан шығаруға кететін қаржы да ұшан-теңіз.

АЭС жанында өмір сүретін адамдардың арасында лейкамия (ақ қан), ісік ауруы жиі кездеседі деген жалған түсінік бар. Бұл аурумен Жердің кез келген нүктелерінде адамдар шамамен бірдей деңгейде ауырады. Ол АЭС-тің жаны болсын, табиғаты сұлу аймақ болсын, статистика бойынша бәрі бірдей. Көпшілігіміз оқығандай не теледидардан көргендей, біз жел мен толқын энергиясын экологиялық жағынан ең тазалары деп білеміз, бірақ бұл да – даулы сұрақ. Өйткені көбіне жел станциялары су қоймалардың жанына салынғандықтан, ол аймақтың экологиялық балансын едәуір бұзады. Олардың саны көп болған сайын табиғатқа келетін шығын да арта түседі. Ал АЭС-тің бір өзі өндіретін энергия көлеміне тең энергияны өндіру үшін жүздеген жел станциялары қажет болады екен. Кейбіреулер АЭС-қа отын ретінде пайдаланылатын уран жақын болашақта сарқылады дегенді айтады. Бұл – түбегейлі қате пікір. Себебі уранның Жердегі мөлшері алтыннан 600 есе көп. Бұл – шамамен 500 жылдық қор деген сөз. Ол біткен күннің өзінде ғалымдар торий элементін химиялық өңдеуден өткізіп, одан оп-оңай уран ала алады. Ал торийдің қоры ураннан үш есеге дейін мол екенін айта кетейік. Атом энергиясының бағасы жөнінде көпшілік арасында әртүрлі ой бар. Бұл энергияның 10 пайызын ғана уранның бағасы құрайды. Оған әлемдік нарықтағы қойылған баға да мұнай мен газға қарағанда әлдеқайда тұрақты. (224 сөз)

6. Мәтін мазмұнына сай келетін ақпараттарды белгілеңіз.

Ақпараттар	Шын	Жалған
А. АЭС жарты ғасырға жуық жұмыс жасайды.		
В. Жел станциялары экологиялық тепе-теңдікті өзгеруіне әсер етеді .		
С. Жердегі уран қоры алтыннан аз.		
Д. Торийден уран алуға болады.		

[3]

7. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз

--

[1]

8. Мәтіннің жанрын анықтаңыз

--

[1]

9. Мәтіннен жанрға сай тілдік ерекшеліктеріне 3 дәлел келтіріңіз

1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел

[3]

10. Қазақстандағы атом энергетикасын дамытуға қатысты көзқарасыңыз қандай? Ойыңызды 2-3 сөйлеммен жеткізіңіз.

[2]

Жазылым

Екі сұрақтың біреуін тандап, эссе жазыңыз. Сөз көлемі: 150-160. Өз жауабыңызды тиістістильге, жанрға келтіріңіз. Афоризмдерді қолданыңыз.

[10]

1) **«Мұнай өндірісінің экологияға әсері»** туралы эссе жазыңыз. Жазба жұмысында шылаулар мен оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.

2) **«Тіл -ұлттың жаны»** тақырыбында эссе жазыңыз
Жазба жұмысында шылаулар мен оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.

Айтылым

Берілген тақырыптардың бірін тандап, жұпта диалогке қатысыңыз. Өз пікіріңізді білдіруде тақырыпқа қатысты күрделі сөздер мен термин сөздерді және сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданыңыз.

- 1) Өлеуметтік теңсіздік мәселесі
- 2) Мұнай өнеркәсібінің Қазақстан экономикасындағы рөлі
- 3) Қазақ тілі—мемлекеттік тіл

[10]

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
1-3	1-В 2-А 3-В	1 1 1	3
4-5	А. жаңа өнім шығару және жаңа бизнес-жоба жасау Ә. дамушы елдерге	1 1	2
Барлығы			5 балл

Оқылым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
6	А, В, Д	1 1 1	3
7	АЭС маңызы туралы ақпарат беру	1	1
8	Мақала	1	1
9	Сан есімдердің қолданылу мақсатын түсіндіру; Жалқы есімдердің қолданылу мақсатын түсіндіру; Етістіктердің негізінен ауыспалы осы шақта қолданылуы, т.б.	1 1 1	3
10	Оқушының жауабы сұраққа ашық жауап беретіндей толық болса 2 балл, толық емес, жүйесіз болса, 1 балл беріледі.	2	2
Барлығы			10 балл

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;	1
2	тақырыпқа қатысты тілдік құралдарды орынды қолданады;	1
3	тақырыпты ашады;	2
4	құрылымды сақтайды;	1
5	күрделенген жай сөйлемдерді/ құрмалас сөйлемдерді қолданады;	1
6	шылауларды қолданады;	1
7	оқшау сөздерді қолданады;	1
8	грамматикалық нормаларды сақтайды;	1
9	пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		10

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты жұпта диалог құрайды;	1
2	тақырыпқа қатысты жұбына сұрақтар қояды;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	1
4	сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады;	1
8	грамматикалық нормаларды сақтайды/ елеусіз қателер жібереді.	1
Барлығы		5

